

ӘОЖ 004:7.01

## Еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды мәселелері

Самуратова Тәттігүл Кәкеновна<sup>1</sup>, Адалбек Нураим<sup>2</sup>

<sup>1</sup>педагогика ғылымдарының докторы, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

<sup>2</sup>магистрант

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

**Аңдатпа.** Қазіргі уақытта дүниежүзілік жаһандану сатысында, адамзаттың ойының тез дамуының арқасында инновациялық жаңалыққа күннен күнге сұраныс артып барады. Әсіресе, ақпарат көздерінің атқарар ролі зор. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралының еліміздің рухани дамуына ықпал етуі сөзсіз. Осыған орай бұқаралық ақпарат құралы дизайнының даму ерекшеліктеріне аса мән беру қажет.

**Кілт сөздер:** бұқаралық ақпарат құралдары, газет дизайны, ақпарат көздері, ақпарат тарату.

**Аннотация.** В настоящее время для повседневного спроса глобализация находится на подъеме мировой арене, это благодаря быстрому развитию человеческого мышления и инновационных решений. В частности, речь идет о роли информационных источников. Таким образом, средства массовой информации будут способствовать духовному развитию страны. В связи с этим, мы должны сосредоточиться на развитии дизайна средства массовой информации.

**Ключевые слова:** средства массовой информации, дизайн газеты, источники информации, распространение информации.

**Abstract.** Currently, for everyday globalization is on the rise the world stage, thanks to the rapid development of human thinking and innovative solutions. In particular, we are talking about the role of information sources. Thus, the media will contribute to the spiritual development of the country. In this regard, we need to focus on the development of media design.

**Key Words:** Mass media, Newspaper design, Information sources, Spread of information.

---

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Жастардың бойында құндылықтардың дұрыс жүйесін қалыптастыру керек, оның негізінде еңбексүйгіштік, ар-намыс, парасаттылық, өзін-өзі тұрақты жетілдіруге ұмтылыс және оқу, тәртіп сияқты қасиеттер жатқаны жөн» [1] деп қазіргі жастардың бойында аса қажетті құндылықтарды тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру керектігін

және оны білім мен тәрбие беруді дұрыс ұйымдастыру арқылы қалпына келтіру керектігіне мән беру қажеттілігін ерекше атап өтті. Әрине мұнда өскелең ұрпаққа бұқаралық ақпарат құралдарының да тәрбиесін көзделгені сөзсіз. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының даму үрдісі мен ақпараттық кеңістіктің жаһандануы әлемнің барлық елдерін қамтып, экономикалық және саяси қарым-қатынастың жедел өсуіне әсер етуде. Баспасөз, радио және телеарна, мультимедия, компьютерлік желілер мемлекет пен континентті жақындастырып, миллиондаған халықтың үйіне енді.

Ақпараттық ағым қоғамдық басқару үрдісінің тетігіне айналып, оған билік басындағылар, саяси билікке таласушы топ та жүгінеді. Онымен қоса бизнес заңы бойынша өнеркәсіпте, өңдеу саласында, саудада ақпарат тарату нормалары мен ережелері күшеюде. Газет немесе журнал шығару, теледидар мен радионы иемдену тікелей табыс әкеле қоймайды, бірақ оның өзіндік пайдасы бар, жақсы имидж бола алатын қоғамдық пікір қалыптастыруға, бұқараны тәрбиелеуге көмектеседі

Қазіргі уақытта дүниежүзілік жаһандану сатысында, адамзаттың ойының тез дамуының арқасында инновациялық жаңалыққа күннен күнге сұраныс артып барады. Әсіресе, ақпарат көздерінің атқарар рөлі зор. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралының еліміздің рухани дамуына ықпал етуі сөзсіз. Осыған орай бұқаралық ақпарат құралы дизайнының даму ерекшеліктеріне аса мән беру қажет.

Жалпы елімізде газет пайда болғалы «сөздің» құдіреті артып еді. Көркем шығармалар, әдебиеттер ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмір тынысынан хабардар ететін газет-журналдарды оқырман бар ынта-жігерімен оқыды. Бірақ та, «Өмір – өзен» демекші, уақыт өткен сайын бұл ағыс та қарқынды өсе берері хақ. Яғни, еліміз өркендеп, дами түсті. Жылдар өткен сайын адамзаттың да өмірге деген талабы күшейіп, жаңа заман ағысымен дами береді. Осы ағыстың екпініне қарсы тұру үшін бұқаралық ақпарат құралдарының көптеген сыннан өтуіне тура келді. Қазіргі уақытта, кейбірі тіпті тоқырауға ұшырап та жатыр. Сондықтан, заман ағымына сай болу үшін мерзімді басылымдарымыз тек хабар таратып қана қоймай, сондай-ақ, ақпарат көздері және сауда ортасындағы талапқа төтеп бере алатындай өзінің дизайнымен ерекшеленіп, көз тартуы қажет бола бастады.

Қолданыстағы кейбір ақпарат көздерінің сапасы күтілген нәтижеге сай келмей, өздеріне кері әсері тиіп жатыр. Баспа дизайнда болып жатқан тың өзгерістер, оның кәсіби тарихи жолы мен дауы, перспективасы талдау мен сараптауды қажет етеді.

Газет дизайны осы күнде маңызды мәселе бола тұра, теория жағынан аз зерттелген. Ғылыми-теориялық әдебиетке талдау жасаған кезде мына жайттар

анықталды – газет дизайны саласы бойынша ғылыми зерттеулер аз жасалғаны мәлім болды. Сондай-ақ, жаңа технология осы дизайн саласын бейкам қалдырмай, оң әсер етуде. Осыған байланысты мерзімді баспа дизайнының теориялық және әдістемелік аспектілерінің қайта қарау мәселесі сұранып тұр.

Қоғамның өміріне тікелей қатысты бұқаралық ақпарат құралдарының рөлінің маңызы зор. Сондықтан, бұқаралық ақпарат құралын төртінші билік деп те аталуы да осыдан. Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі қоғам мен мемлекеттегі жоғарғы құндылықтардың бірі болып есептеледі. Себебі, бұқаралық сөз еркіндігісіз азаматтық қоғамды елестету мүмкін қиын. Бұқаралық ақпарат құралдарының мақсаты - елде және шетелде болып жатқан оқиғалар жайлы қоғамға шынайы және жылдам ақпарат жеткізу. Қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының болуы - әрбір демократиялық мемлекеттің қажетті элементі. Біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдары бұқара халық пен үкіметтің байланысын ұйымдастыра алады. Екіншіден, басылым қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді жылдам паш ете алады. Үшіншіден, әлеуметтік өзгерістер жөніндегі тәжірибелі түсінік бере алады және де бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдағы өзгерістерге нақты көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Төртінші билік – бұқаралық ақпарат билігінің құзыреті күшті, сонымен қатар баспасөз қоғамдық пікір туғызып, қалыптастыра алатын ықпалы бар, халық пен билік арасындағы байланысты жалғай алатын құрал болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының, коммуникациялық үдерістің қарқыны дамыған сайын адамның өзіне, жеке өміріне, әлеуметтік өзгеріске қатты ықпал етеді [2]. Бұқаралық ақпарат құралдары ғылыми теориялық негіздері – арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез-келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер қызметі. Сарапшылар олардың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді: жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі; арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы; ақпарат таратушының (коммутатор) қабылдаушыға біржақты ықпалы; тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі. Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор. Наполеон: «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор», - деген екен. 1840 жылы француз жазушысы О. Де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады [3].

Билік институтында бұқаралық ақпарат құралдарының тура мағынасындағы орны болмағанымен, оның саяси процестегі орнын бағалау мүмкін емес. Қазіргі

кезде электронды ақпарат құралдарының пайда болуымен бүгінгі қоғамның саяси биліктік қарым-қатынастарын байланыстыруға болады. Билік институтының сарапшылары ақпарат таратушы көздері жайлы былай тұжырымдайды:

Бұқаралық ақпарат құралдары әртүрлі қызмет атқарады, мәселен, олардың бағытына қарай ақпараттық, білімдік, әлеуметтендірушілік, мүдделерді тоғыстырушы, саясат субъектілерін насихаттаушы және т.б. топтарға бөлуге болады. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамға, билікке аса маңызды ақпарат таратушы болып саналады. Ол ақпаратқа маңызды оқиғалар, құбылыстар, түрлі процестер жатады. Осы ақпараттық қызмет түрлерінің барлығын алмайынша, бірде-бір елдің толыққанды қызметі атқарылмайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының білімдік қызметі әртүрлі ғылым саласы, қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдары бойынша танымдық хабар таратушы, десек те ол толықтай осы ғылым саласы бойынша мәлімет береді деп санауға болмайды. Тек ғылым мәліметтің басым бөлігін ақпарат көздерінен алатыны сөзсіз.

Бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік сала бойынша жақсы хабаршы бола алады. Әлеуметтік ережелерді, ұсыныстар мен ұсынымдарды жариялай отыра, тәрбие құндылықтарын сіңіруге, мінез-құлықтарды қалыптастыруға септігін тигізеді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жалпы әлеуметтік, жалпы әлемдік процестердің бір бөлшегін, қоғам мен мемлекет, саясат үрдісін ала отырып, адамзат өзінің осы салалармен ұштасып жатқанын сезіне алады. Саяси журналистердің үгіт-насихат жайлы жазған мақалаларының арқасында азаматтар әлеуметтік-саяси процестерден құралмайды.

Бұқаралық ақпарат құралдары мүдделерді тоғыстырушы қызметін атқарады. Саяси мүдделер партиялар, қоғамдық бірлестіктер ғана еме, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да жүзеге асырылады. Көбінде бұқаралық баспасөздер мен телеарналар қоғамдағы өзекті мәселелерге бірінші болып назар аудартып, әлеуметтік және саяси шиеленістер жайлы хабардар етіп, дабыл қағады және биліктің іс-әрекетін саралап, ұтымды шешім қабылдауына септігін тигізеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары жұмылдырушы қызметін де атқара алады. Яғни, адамдарды нақты бір іс-әрекеттерге немесе саналы әрекетсіздікке итермелей алады. Осы жұмылдырушы қызметі саясат жүргізуде ең маңызды рөл атқара алады. Қоғам белсенділігін ынталандыру арқылы сайлау кезінде үміткерлер мен кампаниялардың үгіт жұмысына әсер ете отырып, дауыс беру қорытындыларына айтулы ықпал

етеді. Сонымен қатар қоғам мен билікте дағдарыс туғызатын жаппай наразылық пен саяси жанжалға апаратын, арандатуларды ұшықтыруы да мүмкін. Десек те, осы қызмет арқылы қоғам өмірінде маңызы бар міндеттерді шешуге, адамзаты жұмылдыру арқасында биліктің тиімді одақтасына айналдыра аламыз.

Тағы бір назардан тыс қалдыруға болмайтын саласы бұқаралық ақпарат құралдарының саналы түрде саяси алдап-арбау мақсатында қолданылуы. Бұл азаматтарға және қоғамға аса қауіпті. Яғни, өз мүдделеріне қайшы келетін әрекеттерге баруға адамдарды мәжбүрлеу үшін санасы мен мінез-құлқын жасырын басқару болатындығында. Алдап-арбау, жалған ақпараттарды тарату адамдардың сенуіне негізделеді. Тапсырыс берушілер мұның пайдасын көргенмен, қоғам үшін аса қауіпті. Сапалы дизайнның қажет екенін түсінеміз, бірақ та «бұл не?» деген қалыптасып қалған сұрақ туындары сөзсіз. Әлемге аты әйгілі дизайнер Марио Гарсиа «Газетті безендірудегі жоғарғы сапа – бұл ықшам және мәтіндерді сауатты байланыстыратын көрнекі элементтер...» [4] деп жазады, яғни қаріптер, суреттер, түрлі-түсті иллюстрациялар, ақпараттық бағандар мен «ақ дақтарды» дұрыс үйлестіре білу. Осы байланыстарды сәтті қолдана алсақ, онда элементтер жиынтығы оқырмандарды өзіне тарта алады және ақпаратты әсерлі жеткізуге септігін тигізеді. Дизайнер мықты болса жаңалықтар мен басқа да ақпараттарды ақылға сиымды және жағымды етіп жетуін қамтамасыз ете алады.

Газет дизайны–бұл процесс, бірақ ол өнім емес және ол байқаусыз болуы керек. Бұл үрдіс ең қарапайым элементтерді мұқият қараудан басталады, яғни бағаналар арасындағы арақашықтыққа, тақырып пен мәтініне, суреттері мен қолтаңбаларына мән беру керек. Дизайн элементтерін ылғи дұрыс пайдалану (мәселен 1 суретте көрсетілген отандық газеттердің тақырып қаріптерін, суреттерін және т.б. мысалға келтіруге болады) газет жасаудың және ұтымды безендірудің негізгі идеясының кілті бола алады.



Сурет 1: Қазақстандық газеттердің дизайндық үлгілері

Оқырмандардың бірыңғай безендіруге үйреніп қалатынын да ескере отырып, кезекті жаңалықтарын күту кезінде дизайнды аяқ асты өзгерту адам психикасына кері әсерін тигізу де мүмкін. Яғни оқырман сенімі газетті мұқият оқумен қатар, дизайнына мән берумен қатар қалыптасады деген сөз.

Сонымен қатар, дұрыс шешімін тапқан дизайн газеттің жеңіл оқылуына және түсінікті болуына әсер етеді. Ең маңызды фактор–ол мәтін мен тақырыптың қаріптерін дұрыс таңдай білу және үзінділер мен бағаналарды тігінен және көлбеу орналастырудағы нақтылық болып табылады.

Негізінен барлығы сөзден басталады. Ал, газетті бүгінгі таңның заманауи әдебиеті десек те болады. Бұл әдебиет сөз бейнесінде құрылады яғни, газет дизайнының негізгі элементтері қаріп болып табылады. Мәселен, кез-келген қаріпті таңдаңыз. Зерделеу барысында адамдар жеңіл әрі қарапайым қаріптермен жазылған мақаланы оқуға бейімделген екен. Адам көзінің функциясын зерттеген зерттеушілер адам көзі сөздерді "қағып алады", егер де оқылу жеңіл болса. Көз, одан кейін ми, қаріпті бірден іліп алады, оларсыз әрине оқу мүмкін емес. Дегенмен, негізгі мәтіннің оқылуы маңызды болып келеді. Егер газетті сапасыз басып шығарса, оның оқылуы да төмендейді.

Яғни, баспаның бояуы газет бетіне бірыңғай жұқпаса, қаріптер дұрыс оқылмайды. Дұрысы оқырмандардың өздеріне қаріп таңдауға мүмкіндік беру, олар таңдау жасаған соң алғыс білдіріп, дизайнерлік ұсыныс жасаған дұрыс. Таңдалған қаріптер мен безендірудің бірнеше жолын ұсына отырып, оқырманның таңдауына талдау жасауға болады. Сол таңдалған қаріппен түгелдей газетті безендіріп шықсақ, оның оқылуын жеңілдете алады екенбіз. Бұл оқырмандардың сол қаріптерді тани отыра, жаңалық оқытынын бірден білу мүмкіндігін береді.

Сондай-ақ, бұл қаріптерді жарнамаға қолданып қателік жасамау керек. Ережені бұза отырып, оқырмандарды жаңылыстыруға болмайды. Бұл қаріптерді тек мәтінге пайдалану арқылы ұтымды шешім шығара аламыз. Сонымен қатар, бұл қаріптерді мейлінше үлкен қылып пайдаланған дұрыс.

Газеттің оқырманын көбейткіміз келетінін, оның дизайнының тартымды, заманауи талапқа сай келуге тиіс екенін есте ұстауымыз керек. Ұсақ қаріптер газетті оқымай тұрып-ақ жалығуға итермелейді.

Газет, журнал, кітап мұқабасын жасап шығаруда–әрқайсының өзіне тән ерекшеліктері мен ережелері бар. Газет дизайнері бірден кітап мұқабасының

дизайнымен, ешбір тәжірибесіз айналысып кете алмайды, кітап дизайнері де газет дизайнына бірден кірісе алмайды, егер онымен бұрың-соңды айналысып көрмесе [5]. Әрбір баспа типтері өзін безендіруде талап қояды, яғни полиграфиялық мүмкіндіктерге, баспаның ерекшеліктеріне қарай, мәселен 2-ші суреттегідей газет пен кітап мұқабаларының жасалу жолдары екі бөлек.



Сурет 2: «Астана ақшамы» газетінің беті мен кітап мұқабасының үлгілері

Газет бетінде (әсіресе, аптасына бірнеше рет шығатын газеттер) кейбір қателіктерге көз жұма қарайды, мәселен, мәтін жолақтары немесе бағаналары, сөздерді сәтсіз бөлу, арақашықтықтары сәйкес келмеуі, тіпті кейде соңғы беттерінде қаріптердің өзгеруі де болып жатады. Мұнда ақпараттың көп болуынан, газетке сиғызу мақсатында қаріптерді кішірейте салады. Мұны баспаханада істейтін қызметкердің немесе дизайнердің қатесі деп есептемейді. Бұл безендіруде басты жаңалықты оқырманға жедел жеткізу—газеттің негізгі міндеті болғандықтан ғана. Газет дизайнерлерінің жұмысы—оқырманға ақпараттың жеңіл әрі ұғынықты жетуін қадағалау. Қазіргі уақытта оқырмандардың уақыты аз әрі тығыз екенін ескеретін болсақ, күрделі безендіруді олар құп көрмесі анық. Жақсы орындалған дизайн «тосын сый» жасауға да мүмкіндік туғызады. Яғни, ерекше қиылған суреттер, тың тақырыптар немесе драмалық иллюстрациялар—оқырман күтпеген жағдай бола алады. Дәл осы әрекет көпшіліктің сіздің басылымдарыңызға деген қызығушылығын арттыруы ғажап емес.

Газет дизайны икемді болуы керек, яғни «тосын сый» элементтері жиі кездесіп тұратындай, тартымды және қызықты тақырыптар тек қана оқырмандарды еліктетіп қоймай, сондай-ақ жарнама берушілерді де өзіне тартатын болады. Олар

адамдардың қызығып оқитын бұқаралық ақпарат көздерінде өздерінің жарнамалары жоғары деңгейде қызмет атқара алатынына сенімді. Сондықтан, жарнамалардың дизайнына мәне бере отырып, сапалы газет жасап шығуға болады.

Жарнама беруші, дизайны нашар газеттерден бас тартып, өзінің жарнамасын ерекше етіп ұсына алатын газеттерге жүгінетінін білеміз. Сондықтан, мақалалар немесе жарнамалар дизайны газеттің таралымына ықпал етеді және мына нарықтық заманда өзге басылымдармен бәсекелесе аларына сенімдіміз.

Бүгінгі күнде газеттердің таралымын арттыру үшін тартымды дизайн болу керектігін айтып өттік, яғни алыстан көзге бірден түсетін, ерекше қаріптермен жазылған, бағаналары дәстүрлі бағаналардан ауытқыған, ұлттық нақыштағы безендіруі мен сенсациялық суреттері бар мақала бірінші бетте болу арқылы оқырманды тартары сөзсіз. Әлбетте, газет қай салаға бағытталса, дизайнер сол ағымның тылсым жаңалықтарымен қызықтыруға тырысады.

Қазіргі Қазақстанның мәдени-ақпараттық негіздерін айқындау және саяси өмірдегі орны мен рөлін ашып көрсету ең басты мәселе болып табылады. Яғни, БАҚ-тың алға қойған мақсат-мүддесі мен позициясын анықтай келгенде, оның өзі, саясат пен қоғам дамуына, елдік мүддеге қатысты болып келеді де, бұқаралық ақпарат құралдарының әр жерде өзіндік ерекшелігі болатынын жоққа шығара алмайды. Сонымен қатар Қазақстанның билік саласының бір бөлігі ретінде және БАҚ-сыз қоғамды елестету мүмкін емес екендігін көрсете білдік.

## Пайдаланған әдебиеттер

- [1] Назарбаев Н. А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства: Книга / Назарбаев Н.А. - Алма-Ата : РГЖИ "Дәуір", 1992. - 56 с.
- [2] Есмағанбет Н., кандидаттық диссертация, «Бұқаралық ақпарат құралдарының колданысын кенейту». Астана, 2003.
- [3] Ю.В. Маркина Газета «Нью-Йорк Таймс» как качественный тип издания // Средства массовой информации в современном мире. Материалы межвузовской научно-практической конференции. -СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та, 2003.
- [4] Мишель А. Картер М. «Дизайн газет». // «Что такое дизайн для газеты?», 2003.
- [5] Сундуков А.С. Дизайн российских журналов: дис. канд. филол. наук / А.С. Сундуков. - Воронеж, 2011. - 172 л.